

## **Павлодар облысындағы көші-қон процестерін реттеу қағидаларын бекіту туралы**

Павлодар облыстық мәслихатының 2023 жылғы 19 желтоқсандағы № 94/7 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 - бабының 2-6-тармағына, "Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 312 бұйрығына сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат Төрағасы*

*И. Теренченко*

Павлодар облыстық  
мәслихаттың шешімімен  
"19" желтоқсандағы 2023 жыл  
№ 94/7 шешімімен  
бекітілген

## **Павлодар облысының Көші-қон процестерін реттеу қағидалары**

### **1 Тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже Павлодар облысының көші – қон процестерін реттеу қағидалары (бұдан әрі-қағидалар) облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді және Павлодар облысындағы көші-қон процестерін реттеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) Әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі-халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органдардың, еңбек ұтқырлығы орталықтарының, мансаптық орталықтардың, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған ақпараттандыру объектісі;

2) қандас-этникалық қазақ және (немесе) бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған ұлты қазақ отбасының мүшелері;

3) қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталығы-Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын және қандастарға, олардың отбасы мүшелеріне бейімделу және интеграциялық қызметтер көрсетуге және уақытша тұруға арналған заңды тұлға;

4) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы-Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қандастардың немесе қандастардың және олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

5) қоныс аударушы-Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ішкі көшіп-қонушы;

6) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы-Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылардың немесе қоныс аударушылардың және олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

7) облысшілік қоныс аудару-мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй бөлу және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастыру немесе кәсіпкерлік бастаманы дамыту мүмкіндігі болған кезде экономикалық әлеуеті төмен ауылдардан облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға бір облыс шегінде қоныс аудару;

8) Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган-халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарды айқындайтын Павлодар облысының, жергілікті атқарушы органы;

9) Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган-өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, Халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

10) ішкі көші – қон - тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында жеке тұлғаларды Қазақстан Республикасының ішінде қоныстандыру;

11) Ішкі көшіп-қонушы - тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында Қазақстан Республикасының ішінде дербес қоныс аударатын адам

12) этникалық қазақ-шетелдік немесе ұлты қазақ азаматтығы жоқ адам.

## **2 Тарау. Павлодар облысының көші-қон процестерін реттеу тәртібі**

3. Көші-қон процестерінің мониторингі олардың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және мәдени даму жағдайына, экологиялық жағдайға әсерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Көші-қон процестерінің ерекшеліктеріне халықтың тығыздығы, иммиграция, эмиграция, еңбек көші-қоны, ішкі көші-қон ағындары, урбанизация процесі, өңірдің экологиялық және діни ахуалы, халықтың ұлттық құрамы, өңірлік еңбек нарығының теңгерімділігі, инженерлік-көліктік және әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі жатады.

4. Көші-қон процестерін реттеу үшін халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға мыналарға қатысты ұсыныстар енгізеді:

қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін өңірдің тиісті аумағын жатқызу (алып тастау) ;

шетелдік жұмыс күшін тартуға, оның ішінде этникалық қазақтар мен бұрынғы отандастар қатарынан квотаны ұлғайту (қысқарту) ;

орта мерзімді кезеңге немесе алдағы жылға қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квоталарын ұлғайту (қысқарту) ;

еңбекші көшіп келушілерді тартуға квотаны ұлғайту (қысқарту).

5. Қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру екі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1) қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдаудың өңірлік квоталары шеңберінде Үкімет айқындаған өңірлерге;

2) бір облыс шегінде.

6. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ауылдық елді мекендер, Экономикалық даму әлеуеті орташа және жоғары шағын және моноқалалар, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ экономикалық өсу орталығы қатарынан қоныс аударуға арналған Елді мекендердің тізбесін қалыптастырады.

7. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган жыл сайын 15 желтоқсанға дейін қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру, оның ішінде облысшілік қоныс аудару мақсатында жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде қоныстандыру үшін елді мекендердің тізбесін айқындайды.

8. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган елді мекендердің тізбесін электрондық еңбек биржасында, "қоныс аудару" бөлімінде орналастыруды қамтамасыз етеді және еңбек ұтқырлығы орталығына, карьерлік орталықтарға, ауылдық округтер әкімдіктеріне жібереді.

9. Халықтың көбею қарқынынан асатын халықтың кетуі кезінде көші-қон процестерін реттеу, оның ішінде білікті жұмыс күшін тартуға және оларға

жеделдетілген әлеуметтік бейімделуге жәрдемдесуге, қандастарды, әсіресе жастарды кәсіптік оқыту мен қайта даярлауға бағытталған іс-шараларды әзірлеу жолымен жүзеге асырылады.

10. Агломерация мен ауылдық елді мекендердің, шағын және моноқалалардың, даму әлеуеті бар, демографиялық дамуды мемлекеттік қолдауға қажеттілігі бар аудандық және облыстық маңызы бар қалалардың аумақтарында қандастарды қоныстандыру үшін бейімдеу бағдарламалары іске асырылады.

11. Көші-қон ахуалының дамуын мониторингілеу мен болжауды қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру, мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер салу, әлеуметтік-экономикалық дамуды жоспарлау мәселелерін шешу мақсатында халықты тіркеу есебі жүзеге асырылады.

12. Қазақстан Республикасында уақытша болатын немесе тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрақты және (немесе) уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеу және есепке алу "Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы №1427 қаулысымен бекітілген "Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы".